

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән: Ортодонтия пропедевтикасы

Пәннің коды: ОР 4326

ББ атауы: «Стоматология»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі : 150 сағат (5 кредит)

Оқу курсы және семестрі: 4/7

Құрастырған:

Исмаилова Н.П., ассистент

Қағаз №

11 « 28 » 06 2025

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент м.а.

Л.О. Кенбасова

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы	7411-2025
Бақылау өлшеуіш құралдары	15 беттің 2 беті

Шымкент 2025

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 3 беті

№1 аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Ортодонтиялық кабинет пен бөлімшенің негізгі ұйымдастыру принциптері қандай?
2. Ортодонтиялық кабинеттің санитарлық-гигиеналық талаптары қандай?
3. Ортодонттың көмекші персоналының қызметтік міндеттері қандай?
4. Жақ-бет аймағының баланың жасына қарай анатомо-физиологиялық ерекшеліктері қандай?
5. Сүт тістер кезеңінде жақ сүйектерінің өсуі қандай заңдылықтарға бағынады?
6. Алғашқы (эмбрионалдық) кезеңде жақ-бет кешенінің дамуы қалай жүреді?
7. Эмбриогенездегі бұзылыстар қандай туа біткен жақ-бет аномалияларына әкеледі?
8. Постэмбрионалдық кезеңде тіс-жақ жүйесінің дамуына әсер ететін факторлар қандай?
9. Тіс пен жақ аномалияларының жалпы жіктелуі қалай бөлінеді?
10. Энгль жіктемесінің негізгі қағидалары қандай?
11. Энгль бойынша I, II, III классқа тән ерекшеліктерді сипаттаңыз.
12. Дентальды аномалия дегеніміз не және оның түрлері қандай?
13. Жақаралық қатынастың бұзылыстарының негізгі себептері қандай?
14. Тіс-жақ аномалияларында жиі кездесетін функционалдық бұзылыстарды атаңыз.
15. Шайнау функциясының бұзылуы тіс қатары аномалиялары кезінде қалай көрінеді?
16. Тыныс алу функциясының бұзылысы тіс-жақ жүйесінің дамуына қалай әсер етеді?
17. Жұтыну функциясының патологиялары ортодонтиялық аномалияларға қалай әкеледі?
18. Тіс-жақ аномалияларын функционалдық диагностикалау әдістерін атаңыз.
19. Дентальды және альвеолярлы өлшемдерді биометриялық диагностикалау әдістері қандай?
20. Ортодонтиялық диагноз қоюда биометриялық өлшеулердің маңызы қандай?

№1 Аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1. Ортодонтиялық кабинеттегі негізгі құрал-жабдыққа не жатады?

- A) Рентгенаппарат
- B) Стоматологиялық қондырғы
- C) Фотоаппарат
- D) Барлығы

2. Балаларда жақ сүйектерінің өсуі қай жаста ең қарқынды жүреді?

- A) 0–3 жас
- B) 6–7 жас
- C) 13–15 жас
- D) 18–20 жас

3. Жақ пен беттің эмбрионалдық дамуы қай аптадан басталады?

- A) 2–3 апта
- B) 4–5 апта
- C) 8–9 апта
- D) 10–12 апта

4. Эмбрионалдық даму бұзылысының салдарынан не дамиды?

- A) Жоғарғы ерін жарығы
- B) Тіл асты желбезегінің қысқалығы
- C) Адентия
- D) Барлығы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		7411-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 4 беті

5. Адентия дегеніміз —

- A) Тістің кейбір бөлігінің жоқ болуы
- B) Тістердің толық болмауы
- C) Тіс өлшемдерінің ұлғаюы
- D) Тістердің тығыз орналасуы

6. Энгль жіктемесінде негізгі бағдар не?

- A) Альвеолярлы өсінді
- B) Бірінші үлкен азу тістері
- C) Ит тістер
- D) Күрек тістер

7. Энгль I класс – бұл:

- A) Жоғарғы жақ алға орналасқан
- B) Төменгі жақ алға орналасқан
- C) Мезиобуккальды төмпешік төменгі 6-ның бороздасына сәйкес
- D) Жоғарғы жақ тарылған

8. Энгль II классқа тән белгі:

- A) Мезиальды окклюзия
- B) Дистальды окклюзия
- C) Айқасқан тіс қатары
- D) Ашық тіс қатары

9. Тістің орнықтауы (ретенция) — бұл:

- A) Тістің бүйірге ығысқаны
- B) Тістің жарып шыға алмауы
- C) Тістің формасының бұзылуы
- D) Тістің жоғарлаған қажалуы

10. Микродентия – бұл:

- A) Тістердің қалыптан кіші болуы
- B) Тістердің үлкен болуы
- C) Тістердің туа біткен жоқтығы
- D) Тіс түбірінің қысқалығы

11. Шайнау функциясының бұзылысы неге әкеледі?

- A) Ас қорыту бұзылысына
- B) Тілдің орналасу өзгерісіне
- C) Тісжегіге
- D) Есту бұзылысына

12. Ауыз арқылы тыныс алу салдары:

- A) Жоғарғы жақтың тарылуы
- B) Бет сүйектерінің кеңеюі
- C) Тісжегі азаюы
- D) Жоғарғы жақтың ұлғаюы

ONTÜSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 5 беті

13. Патологиялық жұтыну кезінде тіл...

- A) Қатты таңдайға сүйенеді
- B) Алдыңғы тістер арасына шығады
- C) Артқа қарай жылжиды
- D) Ерінге тіреледі

14. Функционалдық диагностика әдісі:

- A) Пальпация
- B) МРТ
- C) ЭМГ (электромиография)
- D) Компьютерлік модельдеу

15. Биометриялық өлшеу әдісі:

- A) Тіс тіндерінің витальдылығын тексеру
- B) Модель бойынша тіс аралық қашықтықты өлшеу
- C) Жұтынуды бақылау
- D) Беттің бұлшықет тонусын өлшеу

16. Болтон индексі не үшін қолданылады?

- A) Шайнау қозғалысын бағалау
- B) Тістердің жалпы өлшемдік сәйкестігін анықтау
- C) Тіл функциясын анықтау
- D) Тыныс алу түрін анықтау

17. Қатты таңдай тарылғанда қандай аномалия жиі байқалады?

- A) Ашық тіс қатары
- B) Айқасқан тістесу
- C) Терең тістесу
- D) Эдж-тумен әсер

18. Тістердің тығыз орналасуының негізгі себебі:

- A) Жақ сүйегінің үлкендігі
- B) Жақ сүйегінің кішілігі
- C) Тістің уақытынан ерте түсуі
- D) Жұмсақ тіндердің гипертрофиясы

19. Терең тістесуге тән белгі:

- A) Алдыңғы тістердің ажырауы
- B) Алдыңғы тістердің шамадан тыс жабылуы
- C) Айқасуы
- D) Жоғарғы жақтың тарылуы

20. Ашық тістесу кезінде бұзылады:

- A) Шайнау
- B) Тыныс алу
- C) Жұтыну
- D) Барлығы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 6 беті

21. Тілдің төмен орналасуы неге әкеледі?

- A) Жоғарғы жақтың тарылуына
- B) Төменгі жақтың артқа кетуіне
- C) Жоғарғы жақтың ұлғаюына
- D) Төменгі жақтың мезиалдануына

22. Жақ-бет сүйектерінің өсуін анықтайтын негізгі фактор:

- A) Бұлшықет функциясы
- B) Мектептегі стресс
- C) Су ішу режимі
- D) Ұйқы ұзақтығы

23. Ортодонтиялық диагноз неге негізделеді?

- A) Рентгенге
- B) Клиникалық тексеруге
- C) Биометриялық өлшемдерге
- D) Барлығына

24. Тіс қатарының алдыңғы-артқы бағыттағы ұзындығы қалай аталады?

- A) Энтеральды
- B) Сагитталды
- C) Трансверсалды
- D) Вертикалды

25. Тістердің айқасуы қандай жазықтықтағы бұзылыс?

- A) Сагитталды
- B) Трансверсалды
- C) Вертикалды
- D) Комбинирленген

26. Прогения – бұл:

- A) Төменгі жақтың алға шығуы
- B) Жоғарғы жақтың артқа кетуі
- C) Жоғарғы жақтың алға шығуы
- D) Төменгі жақтың артқа кетуі

27. Прогнатия — бұл:

- A) Төменгі жақ алға
- B) Жоғарғы жақ алға
- C) Екі жақ тең
- D) Тістердің айқасуы

28. Тісжегі тікелей тіс-жақ аномалияларына жата ма?

- A) Иә
- B) Жок

29. Тіс-жақ аномалияларын анықтауда ортопантомограмма не үшін қажет?

- A) Тіс түбірін көру
- B) Жасырын тістерді анықтау

ONTÜSTIK-KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 7 беті

- C) Жақ сүйегі құрылымын бағалау
D) Барлығы

30. Ортодонтиялық емнің басты мақсаты:

- A) Тістерді ағарту
B) Эстетиканы жақсарту
C) Функцияны, окклюзияны және эстетиканы қалпына келтіру
D) Тістерді жұлу

№2 Аралық бақылауға арналған бақылау сұрақтары

1. Тіс доғаларын графикалық зерттеу әдістерінің мәні мен мақсаты қандай?
2. Симметрия сызықтарын салу тіс доғаларын бағалауда қандай рөл атқарады?
3. Тіс доғасының алдыңғы және бүйір бөліктерінің графикалық талдау ерекшеліктері қандай?
4. Тіс доғасының ені мен ұзындығын графикалық әдіспен анықтау принциптері қандай?
5. Бірқалыпты (нормативті) тіс доғасының графикалық моделін сипаттаңыз.
6. Рентгенологиялық диагностиканың ортодонтиядағы негізгі міндеттері қандай?
7. Ортопантомограмма (ОПТГ) қандай ақпарат береді?
8. Телерентгенография (ТРГ) – бүйір және тура проекциялардың диагностикалық маңызы қандай?
9. Цефалометриялық талдаудың негізгі көрсеткіштері қандай?
10. 3D-КТ жақ-бет аномалияларын анықтауда қандай артықшылық береді?
11. Функционалды ортодонтиялық аппараттардың әсер ету механизмі қандай?
12. Миофункционалды тренажерлер қандай мақсатта қолданылады?
13. Аралас әсер етуші функционалды-механикалық аппараттардың ерекшеліктерін атаңыз.
14. Тіс-жақ аномалияларында Френкель аппаратының әсер ету принципі қандай?
15. Жақ сүйектерінің өсуін реттейтін функционалды аппараттарды қолданудың жас ерекшеліктері қандай?

№2 Аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1. Тіс доғаларын графикалық зерттеу әдістерінің негізгі мақсаты:
 - A) Тістердің витальдылығын анықтау
 - B) Тіс доғасының пішінін және симметриясын бағалау
 - C) Жұмсақ тіндердің көлемін өлшеу
 - D) Тісжегі ақауларын анықтау
2. Графикалық талдауда қолданылатын негізгі сызық:
 - A) Кампер сызығы
 - B) Ортаңғы бет сызығы
 - C) Кесінді сызығы
 - D) Сагитталды жазықтық
3. Тіс доғасының ені графикалық әдісте қандай нүктелер бойынша өлшенеді?
 - A) Иек нүктесі
 - B) Ит тістердің аймағы
 - C) Үлкен азулар аралығы
 - D) Күрек тістердің қыры

ONTÜSTIK-KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025 15 беттің 8 беті
Бақылау өлшеуін құралдары		

4. ОПТГ қай диагностикалық топқа жатады?

- A) Функционалды
- B) Биохимиялық
- C) Рентгенологиялық
- D) Эндоскопиялық

5. Телерентгенографияның басты мақсаты:

- A) Тіс түбірін анықтау
- B) Жақ-бет құрылымдарының кеңістіктегі күйін бағалау
- C) Тісжегіні анықтау
- D) Бүйір тістердің түйісуін тексеру

6. Цефалометриялық талдауда ең маңыздысы:

- A) Жұмсақ тіндердің пигментациясы
- B) Қаңқалық және дентальды қатынастар
- C) Жылтыр эмаль құрылымы
- D) Қан айналымы

7. 3D-КТ қандай артықшылық береді?

- A) Тек тістерді көру
- B) Жұмсақ тіндерді анықтау
- C) Сүйек құрылымын көлемді түрде бағалау
- D) Түстерді анықтау

8. Функционалды аппараттардың негізгі әсері:

- A) Тістерді тікелей қозғалту
- B) Бұлшықет функциясын реттеу арқылы жақ өсуіне ықпал ету
- C) Тістерді жұлу
- D) Эмальді нығайту

9. Тіс-жақ аномалияларында миогимнастика не үшін қолданылады?

- A) Эмальді қатайту
- B) Бұлшықет функциясын қалыпқа келтіру
- C) Қан айналымын жақсарту
- D) Сілекей бөлінуін күшейту

10. Френкель аппараты қай топқа жатады?

- A) Механикалық
- B) Функционалды
- C) Хирургиялық
- D) Эстетикалық

11. Бимаксиларлы функционалды аппараттар:

- A) Тек жоғарғы жаққа әсер етеді
- B) Тек төменгі жаққа әсер етеді
- C) Екі жаққа да әсер етеді
- D) Ешқайсысына әсер етпейді

12. Жақ-бет аномалияларын рентгенологиялық зерттеуде қолданылмайтын әдіс:

- A) ОПТГ
- B) ТРГ
- C) Цефалометрия
- D) Термография

13. Аппараттың миофункционалдық әсері нені реттейді?

- A) Тіс түсін
- B) Бұлшықет тонусын

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапиялық және балалар стоматология» кафедрасы		74\11-2025
Бақылау өлшеуін құралдары		15 беттің 9 беті

C) Сілекей бөлінуін

D) Қан құрамын

14. Графикалық әдісте тіс доғасының формалары:

A) Параболоалық

B) Эллипстік

C) Жартылай шеңберлік

D) Барлығы

15. TRG бүйір проекциясы қандай қатынасты анықтайды?

A) Тіл-ерін

B) Жақаралық және бет сүйектерінің қатынасын

C) Қан тамырларын

D) Шайнау күшін

16. Аралас әсер ететін аппараттардың ерекшелігі:

A) Тек механикалық әсер

B) Тек функционалды әсер

C) Механикалық + функционалды әсер

D) Тек хирургиялық әсер

17. 3D томографияда анықталатын көрсеткіш:

A) Тіл көлемі

B) Сүйек қалыңдығы мен формасы

C) Ерін қозғалуы

D) Сілекей тұтқырлығы

18. Тіс доғасын графикалық талдауда мақсат:

A) Тістердің гигиенасын бағалау

B) Тіс қатарының үйлесімділігін бағалау

C) Тісжегіні анықтау

D) Эмаль ақауларын табу

19. Функционалды аппараттарға жатпайды:

A) Андресен–Гойпля

B) Функционалды трейнер

C) Брекет жүйесі

D) Френкель аппараты

20. Жақ аномалияларын бағалауда телерентгенография көмектеседі:

A) Жақ сүйектерінің өсу бағытын анықтауда

B) Тістерді ағартуда

C) Қан қысымын анықтауда

D) Жұмсақ тіндерді бояуда